

ҚАЗАҚ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ФОНОСЕМАНТИКАЛЫҚ СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА

Қазақ тіл білімінде бейнелеуіш сөздер жүйесін жаңа интегративті фоносемантика бағытында кешенді қарастырған белгілі ғалым, профессор К.Ш. Хұсайын екені мәлім. Проф. К.Ш.Хұсайын еңбектерінде қазақ тілінің бейнелеуіш сөздері фоносемантиканың теориялық қағидалары мен әдістемелері негізінде 9500-ден астам бейнелеуіш түбір және негіз, дериватив сөздерді 40-тан астам туыс және туыс емес тілдердің (түркі, тұңғыс-маньчжур, үндіеуроналық, семиттік тілдер) негізінде олардың экстралингвистикалық сипаты ескеріле отырып, салыстырмалы типологиялық түрде зерделенген [1;16].

Ғалымның «Звукоизобразительность в казахском языке» атты монографиясында қазақ тіліндегі жалқы есімдер қатарына жататын бес топонимдер ғана қарастырылды. Мәселен, *Балқаш* гидронимінде К.Ш.Хұсайын *бал* дыбыс бейнелеуші түбір морфемасын басқа түркі және түркі емес тілдеріндегі фоносемантикалық варианттарымен салыстыра келіп осы топонимнің б/п...л фоносемантикалық этимонын тауып отыр [2;181-184]. Сонымен қатар, осы еңбекте *Даңғырлақ*, *Жаңғырық*, *Қорс*, *Күркіреуік* атты жер-су атауларының дыбыс бейнелеуіш ерекшеліктері көрсетілген, яғни аталған географиялық нысандардың атауларында табиғи дыбыстардың қазақ

тілінде еліктеу негізінде белгіленуі жөнінде сөз етіледі. Мысалы, *Даңғырлақ* тау беткейінің атауы қазақ тіліндегі *даң*, «шум, гам, гомон, грохот», даңғазы «шум, галдеж», *даңғыр* «звон, шум, громыхание», *даңғыра* «вид ударных музыкальных инструмента; громыхание, звенеть, звякать», *даңдақ* «пустая, бессодержательная речь», *даңдама* «шумное веселье многоголосый шум», кыргыз тіліндегі *даң* подр. звуку удара о металлический предмет, сильному и гете повторяющемуся звуку (напр., барабана); «веселый шум, оживление»; якут тіліндегі *даң* подр. звуку колокола, глухому звону; өзбек тіліндегі *даңғылла*, издавать звон, звенеть, звонить (о колоколе) салыстырылып, сәйкестендіріледі, яғни аталған дыбыс бейнелеуіш топонимнің дыбыстық тұлғасы жоғарыда көрсетілген тілдердегі сөздердің дыбыстық құрамдарымен сәйкес болуы көрсетілген.

Тілдік тұрғыдан қарағанда К.Ш.Хұсайын талдаған дыбыс бейнелеуіш жер-су атауларының шығу негізі, басты себебі примарлы фонетикалық уәжділігінде жатқаны белгілі болып отыр.

Вильгельм Гумбольдт фонетикалық уәжділікті былай етіп түсіндірген: «обозначение понятия заключается в непосредственном подражании, когда звук насколько членораздельных звуков в состоянии передать нечленораздельное» [3; 185]

Даңғырлақ топонимі сияқты *Жаңғырық*, *Қорс*, *Күркіреуік* географиялық жалқы есімдері де дыбыс бейнелеуіш фоносемантикалық сөздер болып келеді, яғни осы атаулар табиғи дыбыстардың тілдік белгідегі дыбыстық көріністері арасындағы ұқсастықтардың негізінде пайда болған. К.Ш.Хұсайынның көрсетуінше, Е. Қостыбаевтың қысқаша топонимдер сөздігінде отызға жуық осындай дыбыс бейнелеуіш жер-су аттары бар [2,185].

Алайда, кез келген тілде, солардың ішінде қазақ тілінде, атап айтатын болсақ, қазақ жалқы есімдер құрамында тек дыбыс бейнелеуіш сөздер ғана емес, солармен қатар дыбыс символикалық (звукосимволических) сөздер де бар. Басқашалап айтсақ, дыбыс бейнелеуіш жалқы есімдерде қолданылатын тіл дыбыстары табиғи шулар мен үні жоқ нысандарды атайды, ал сол жағдайда дыбыс бейнелеуіш, яғни дыбыс символикалық дыбыстар (дыбыс таңбалары) аталатын нысандардың формалық, түстік, қимылдық т.б. таңбалары көптеген сипаттарын бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, фонетикалық уәжділік сөз атауының құрамына кіретін дыбыстардың символикалық мағыналары мен атаудың лексикалық мағыналары арасындағы белгілі бір сәйкестікке негіз болады [4;82]. Аталатын нысанның (денонаттың, объектінің) көріністік (зрительный), акустикалық, тактильдік ерекшеліктері синестемия феномені арқылы дыбыс символикалық сөз дыбыстарында бейнеленеді. Синестемия дыбыс символизмінің психофизиологиялық негізі болып келеді, себебі адамның түрлі сезім түйсіктерінен келіп түскен сигналдардың (аталатын нысанға қатысты сигналдар) біріккен әрекетінің нәтижесінде интермодельдік ассоциациялар пайда болады да, сөз ассоциациялар артикуляциялық аппарат арқылы белгілі бір дыбыстар арқылы беріле отырып, белгіленеді. Дыбыстық аппарат түрлі арналар арқылы келіп түскен ақпаратты тоғыстырып, ішкі сезімдерді ұқсататын дыбыс шығарады, сөйтіп «үні жоқ» денонанттардың (нысандардың) тілге дыбыстық бейнелері, атаулары пайда болады.

С.В.Ворониннің түсіндіруінше, синестемия «Различных рода взаимодействие между ощущением модальностей (реже между ощущениями одной модальности) и ощущениями и эмоциями, результатом которых на первосигнальном уровне является перенос качества ощущения (либо перенос нервных импульсов), в том числе перенос значения в звукосимволическом слове» [5;

77]. Синестемия дыбыстық емес құбылыстарды бейнелеуіш дыбыстар және сөздер арқылы беруге мүмкіндік туғызады.

Қазақ ономастикасында алғашқылардың бірі болып қазақ тіліндегі жалқы есімдердің дыбыс символикалық табиғатының ерекшеліктерін Е.Ә.Керімбаев зерттеді. Ғалым Сырдария/Силис гидрониміндегі дыбыс символикалық *сіл/сыр* түбірін фоносемантикалық талдау арқылы оның бастапқы этимологиясын ашып отыр. Е.Ә.Керімбаевтың пайымдауынша: «Звукоизобразительное (звукосимволическое слово), или имитатив (по терминологии Г. Е. Корнилова), *сіл/сыр*, существующий (сохранившиеся) в языке и речи в качестве гидронима, обозначал (имеет генетически начальное фонетически мотивированное значение): «спокойная, сверкающая, трепещущая, колыхающаяся, медленно, плавна текущая, скользкая (просторная, широкая) вода». Унифицированная фоносемантическая модель *сл/ср* включает себе (имитирует в обобщенной форме образ (идею) скольжения просторной, гладкой, ровной (мерцающей, колыщущей, блестящей, сверкающей, трепещущей) поверхности (воды) [6; 26].

К.Ш.Хұсайынның, Е.Ә.Керімбаевтың еңбектерінде жүргізілген қазақ жалқы есімдеріндегі фоносемантикалық түбірлердің салыстырмалы және салғастырмалы түрде қарастырылуы қазақ жалқы есімдері қорының белгілі бір негізін бейнелеуіш сөздер құрайтынын көрсетіп, дәлелдеп отыр. Келешекте қазақ ономастикалық лексикасындағы дыбыс бейнелеуіш және дыбыс символикалық атаулардың құрамын, ерекшеліктерін, сипатын зерделеу – тіл қойнауының сан қырларын ашуға мүмкіндік береді деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТ

1. *Ислам А.* Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері – ұстаз еңбектерінде // Тілтаным. 2005. № 1. 16–18-бб.
2. *Хусаинов К.Ш.* Звукоизобразительность в казахском языке. Алма-Ата: Наука, 1988.
3. *Гумбольдт В.* Фон. Звуковая ситема языков. Распределение звуков между понятиями // Избр. труды по языкознанию. М., 1984.
4. *Журавлев А. П.* Символическое значение языковых знака (Речевое воздействие) // Проблемы прикладной лингвистики. М., 1972.
5. *Воронин С. В.* Основы фоносемантики. Л., 1982.
6. *Керимбаев Е. А.* Вопросы этимологической фоносемантики топонимов (и звукоизобразительностей номинации древнейших гидронимов Казахстана) // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия филологическая. 3 (21). 1991. С.21-30.